

**АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ АУМАҒЫН МЕКЕНДЕЙТІН СУСАР
ТҰҚЫМДАС СҮТҚОРЕКТІЛЕРДІН АЛУАНДЫЛЫҒЫ**
*BIODIVERSITY OF MAMMALS OF THE MUSTELIDAE FAMILY,
INHABITING IN THE AKTOBE REGION*

Бимағамбетова Г.Ә., Зулкашева А.З.

*Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті,
e-mail: Zhamalok@mail.ru*

Ақтөбе облысы-республикамыздың солтүстік батысындағы көлемді аймақты алып жатыр. Облыс ауданы – 301,6 мың шаршы километрге жетеді, яғни Қазақстан Республикасының территориясының 11,0%-ын иеленген. Аумағының көлемділігі жөнінен еліміздің облыстарының арасында алдыңғы орындарының бірін иеленеді (Қазақстан Республикасы аумағы бойынша Қарағанды облысынан кейінгі көлемі жағынан екінші аймақ).


Ақтөбе облысы солтүстігінде – Ресей Федерациясының Орынбор облысы мен оңтүстігінде – Өзбекстан Республикасының құрамындағы Қарақалпақстан мен батысында – Атырау және Батыс Қазақстан шығысында – Қостанай, оңтүстік – шығысында – Қызылорда облысымен шектесіп жатыр [1, 2].

Ақтөбе облысын мекендейтін сүтқоректілердің 62 түрі бар олардың ішінде бунақдене қоректілері – 8 түрі, қолқанаттылардың – 16, жұптұяқтылардың – 5, кеміргіштердің – 33 түрі бар (Кесте 1, Сур. 1).

Кесте 1

Ақтөбе облысы аумағын мекендейтін сүтқоректілер құрамы

Бунақдене қоректілер	Қолқанаттылар	Жұптұяқтылар	Кеміргіштер
8	16	5	33



Сурет 1. Ақтөбе облысы аумағын мекендейтін сүтқоректілер

Сүт қоректілерден кездесетін – Елек, Қарағалы, Қобда өзендері мен олардың салалары бойындағы, сол сияқты, Мәртөк, Қобда аудандарындағы мекендейтін жануарлар да бар. Жер-жерде ақкіс, ақалақ, борсық, қарсақ, күзен, қасқыр мекендейді.

Жыртқыштар отрядының біздің облысымызда кездесетін тұқымдастары бірнешеуі болса, ал олардың арасында кең тарағандарының ішінде сандық мөлшері жағынан облыс аумағында көп кездесетін түрі-сусар тұқымдастары болып табылады [1, 2].

Сусар тектестер тұқымдасы (Mustelidae)-Австралиядан басқа барлық материктердің әртүрлі ландшафтарында мекендейтін 64 түрді біріктіреді.

Дене тұрқы 15 см-ден (ақалақ) 150 см-ге дейін (кәмшат) жетеді. Құйрығы ұзын, (34–44 см). Түсі көбінесе құбақоңыр және қоңыр, кеудесінде ақ дағы бар [3, 4, 5, 6].

Облысымызда сусар тұқымдастарының 10 шақты түрі мекендейді.

Ал, Ақтөбе облысы бойынша таралу динамикасының көрсеткішіне сүйенсек (*Кесте 2*) құндыз, күзеннің бірнеше түрлері, борсық, өзен құндызы, бозсусар облысымыздың жазық далаларында, құмсыз шөл және шөлейт аймақтарда, таудың етегінде, өзен-көлдердің жағалауында және сексеуіл мен жыңғыл өскен құм беткейлерінде, кейде биік таулардың орманды тоғайында, жоғары қалың шалғындарда, ағашы жоқ ашық жерде мекендейді.

Ақтөбе облысының аумақтық орман және биоресурстар басқармасынан алынған деректер бойыншасусар тұқымдастарының сандық мөлшері, құрамы келесі суреттерден көрсетілген (*Сурет 2–8*).

Ақтөбе облыстық орман және аңшылық шаруашылығы аумақтық инспекциясынан алынған мәліметтің үш жылдық көрсеткішінде сусар тұқымдасына жататын жануарлардың жалпы саны облыс аумағында 2009–2011 жылдар аралығындағы (үш жылдық) көрсеткіштер саны бойынша борсықтар 9430, сасық күзен 27454, бозсуыр 88522, құндыз 5908, ал өзен құндызы 5600 [7, 8, 9] (*Кесте 3*).

Кесте 2


Сусар тұқымдастарының таралу динамикасы

№	Түрлері	Европа	Азия	Африка	Америка	Қазақстан	Ақтөбе облысында
1	Құндыз	+	+	+	+	+	+
2	Күзен	+	+	+	+	+	+
3	Борсық	+	+	+	+	+	+
4	Ақкіс	+	+	+	+	+	
5	Еуропалық күзен	+	+	+	+	+	+
6	Өзен құндызы	+	+	+	+	+	+
7	Аққалақ	+	+	+	+	+	
8	Бозсуыр	+	+	+	+	+	+
9	Шұбар күзен	+	+	+	+	+	
10	Қуну	+	+	+	+	+	
11	Бұлғын	+	+	+	+	+	
12	Сасық күзен	+	+	+	+	+	+
13	Қара күзен	+	+	+	+	+	+
14	Сарғыш күзен	+	+	+	+	+	+


Кесте 3

Ақтөбе облысы бойынша кездесетін сусар тұқымдас жануалардың жалпы көрсеткіші


Сусар тұқымдасына жататын жануарлар атауы	Жылдар			Үш жылдық жалпы саны
	2009	2010	2011	
Борсық	3943	3701	1786	9430
Сасық күзен	11876	8965	6613	27454
Бозсуыр	11987	24546	51989	88522
Құндыз	730	4223	955	5908
Өзен құндызы	1920	1680	2000	5600
Жалпы	30456	43115	63343	136914




Сурет 2. Бозсуыр мен сасық күзеннің көрсеткіші




Сурет 3. Жыртқыштардың сандық көрсеткіштері



Сурет 4. Ақтөбе облысы бойынша борсықтың сандық өзгерістері



Сурет 5. Ақтөбе облысы бойынша сасық күзеннің сандық өзгерістері



Сурет 6. Ақтөбе облысы бойынша бозсуыр, құндыз, өзен құндызының сандық өзгерістері


Дегенмен, жекеленген түрлерінің санында ауытқулардың барлығы анықталып отыр. Мысалы, жылдар бойынша салыстырып қарасақ, облыста 2009 жылы барлығы 30456 сусар тұқымдастарының түрлері кездессе, оның 3943 борсық, 11876 сасық күзен, 11987 бозсуыр, 730 құндыз, 1920 өзен құндызы үлесінде, ал 2010 жылдың есебі бойынша барлығы 43115 оның 3701 борсық, 8965 сасық күзен, 24546 бозсуыр, 4223 құндыз, 1680 өзен құндызының түрлері кездессе, 2011 жылдың есебі бойынша облыста сусар тұқымдастарының саны 63343, оның 1786 борсық, 6613 сасық күзен, 51989 бозсуыр, 955 құндыз, 2000 өзен құндызы еншіленген [9].

2009 жылмен салыстырғанда 2011 жылы Ақтөбе облысы бойынша сусар тұқымдастарына жататын борсық пен сасық күзен 242–2153-ке кемісе, құндыз бен өзен құндызы жылма-жыл бірде өсіп, бірде кеміп отырғаны, ал бозсуырлар саны (4000-ға) жылына шамамен 2-3 мыңға көбейгені байқалып отыр [9].


Бұл мәліметтерден, сусар тұқымдастарына жататын түрлердің кездесу санында жылдан-жылға ауытқулардың барлығын аңғарылды.

Мысалы, Ақтөбе облыстық орман және аңшылық шаруашылығы аумақтық инспекциясынан алынған мәліметтерге сүйенсек, бозсуырдың 2009 жылы жалпы (11987) пайыздық көрсеткіші 39% болса, 2010 жылы (24546) 58%, 2011 жылы (51989) 82%-ды құрайды. Бұл көрсеткіштерден жылма-жыл пайыздық өсімнің артып отырғанын байқауға болады.

Қазіргі таңда облыстағы сусар тұқымдастарының жалпы саны 2009 жылмен салыстырғанда 2011 жылы 48-59% өскен (Сур. 7–8).



Сурет 7. Ақтөбе облысы бойынша сусар тұқымдас жыртқыштардың жалпы мөлшері



Сурет 8. Ақтөбе облысы бойынша сусар тұқымдас жыртқыштардың үш жылдық көрсеткіші

Жүргізілген зерттеу жұмыстың нәтижесі бойынша төмендегідей қорытынды жасауға болады.

1. Ақтөбе облысында сусар тұқымдастарының 10-нан астам түрі мекендейді. Олар: Елек, Қарғалы, Қобда өзендері мен олардың салалары бойында, сол сияқты Қарғалы, Мәртөк, Қобда аудандарындағы орманды жерлерінде таралған.

2. Сусар тұқымдастары-табиғатта және халық шаруашылығының дамуы үшін маңызды жануарлар. Олардың негізгі қызметі, ормандағы зиянды бунақденелер мен кеміргіштерді құрту, аймақтардың табиғи тепе-теңдігін сақтау, олардың майы халық арасында «халықтық медицина» аталып кеткен ем саласында түрлі аурулардың, әсіресе буын аурулары, құрт ауруының, іріңді жаралардың таптырмас емі т.б.

3. Ақтөбе облысы бойынша сусар тұқымдастарының (үш жылдық) кездесу көрсеткіштері бойынша:

- бірінші орын бозсуыр (88522);
- екінші орын сасық күзен (27454);
- үшінші орын борсық (9430);
- соңғы орын көрсеткіші құндыз (5908) бен өзен құндызы (5600) үлесінде екені анықталды.

ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ

- 1 Ақтөбе облысының географиялық даму мәселелері. 2006. – 5–12 б.
- 2 Ақтөбе облысының энциклопедиясы. – Ақтөбе, 2003. – 236–239 б.
- 3 Наумов С.П., Карташев Н.Н. Зоология позвоночных. Ч. 1, 2. – М., 1979.
- 4 Мырзабеков Ж. Сирек кездесетін хайуанаттар. – А.: Қайнар, 1992. – 139 б.
- 5 Қыдырбаев Х., Бекенов А. Қазақстанның аң байлығы. – А.: Қайнар, 1998. – 134–141 б.
- 6 Молдабергенов А. Атамекен. – Алматы, 1983. – 23–40 б.
- 7 Қазақстандағы жануарлар әлемі. – А.: «Алматы кітап», 2005. – 38 б.
- 8 Ақтөбе облысының жануарлар әлемі. – Ақтөбе, 2008. – 45 б.
- 9 Ақтөбе облыстық орман және аңшылық шаруашылығы аумақтық инспекциясынан алынған мәліметтер. 19.03.12. №1-15–213.

К СТРУКТУРЕ НАСЕЛЕНИЯ ДНЕВНЫХ ХИЩНЫХ ПТИЦ В ЛЕСАХ НАУРЗУМСКОГО ЗАПОВЕДНИКА

STRUCTURE OF THE POPULATION OF BIRDS OF PREY IN THE FORESTS OF NAURZUM RESERVE.

Брагин А.Е.

*Государственный природный биосферный заповедник "Ростовский",
г. Ростов-на-Дону, Россия, e-mail: runestone@yandex.ru*

Дневные хищные птицы, являясь консументами высшего порядка, быстро реагируют на малейшие изменения в структуре населяемых ими биоценозов. Кроме того, эти животные легко доступны для наблюдения и учетов. Эти особенности делают их удобными индикаторами для оценки состояния экосистем.

Лесостепи Западной Сибири и степи Северного Казахстана с их многочисленными колками, островными и ленточными борами, а также созданной в XX веке сетью полезных лесополос, перемежаемой обширными открытыми пространствами, являются привлекательными биотопами для обитания дневных хищных птиц. Всего здесь зарегистрировано 32 вида соколообразных, многие из которых включены в списки IUCN, Красной книги Российской Федерации, Красной книги Казахстана. Для более чем половины из них этот регион является важным местом гнездования и служит доном для расселения на сопредельные территории.